

ҒТАХА 14.01.01.

DOI: <https://doi.org/10.62724/202530303>

Жардемова Асылзада Губайдоллиевна^{*1}

Бастауыш сынып мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, Жаңақала мектеп-гимназиясы, Жаңақала, Батыс Қазақстан облысы, Қазақстан, info@ffirpc.kz

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМІНДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада мониторингтік зерттеулердің мектеп оқушыларының білім сапасын арттырудағы орны, оның оқу процесін жетілдіруге, оқушылардың білім деңгейін көтеруге ықпал ету жолдары қарастырылады. Зерттеу мақсаты ретінде мониторинг нәтижелерін тиімді пайдалану арқылы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеру мүмкіндігі алынған. Мектеп оқушыларының біліміндегі олқылықтарды анықтау және жоюда Г.А.Русскихтің диагностикалық әдістемесі қолданылып, мониторингтік зерттеулердің оқу процесін жетілдірудегі рөлі, әдістемені енгізу арқылы білім сапасын арттыруға болатыны тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденген. Экспериментке Жаңақала мектеп-гимназиясының 4, 7, 8, 10 сынып оқушылары тартылып, барлығы 72 оқушы қатысып, білім беру сапасын тиімді бақылауды қамтамасыз ету, қызмет нәтижелерін аналитикалық негіздеу жұмыстары жүргізілген. Диагностикалық әдістемені мектепте кезең-кезеңмен жүргізу барысында білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау мен талдауға, оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының орындалу деңгейін анықтауға және оқушы біліміндегі олқылықтарды мақсатты түрде түзетуге болатыны негізделген. Зерттеу нәтижелері білім сапасын арттыруға, оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге бағытталған. Диагностикалық тапсырмалар негізінде оқушылардың білім жүйесін меңгеру деңгейі анықталып, түзету жұмыстарының бағыттары берілген. Зерттеудің құндылығын Г.А.Русскихтің әдістемесін тәжірибеде қолдану нәтижесінде оның білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі бағалаудың ғана емес, әр оқушының біліміндегі олқылықтарды талдау-түзету арқылы оқу жетістіктерін арттырудың тиімді құралы екені дәлелденгені құрайды. Сондай-ақ, әдістемені мектеп тәжірибесінде жүйелі қолдануға арналған практикалық маңызды ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер. Мониторинг, диагностика, оқу сауаттылығы, білім беру сапасы, Г.А.Русских әдістемесі, олқылықтарды анықтау және талдау, кері байланыс.

Жардемова Асылзада Губайдоллиевна^{*1}

Учитель начальных классов, заместитель директора по учебной работе, Жангалинская школа-гимназия, Жангала, Западно-Казахстанская область, Казахстан, info@ffirpc.kz

МЕТОДЫ ВЫЯВЛЕНИЯ И КОРРЕКЦИИ ПРОБЕЛОВ В ЗНАНИЯХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация. В статье рассматривается роль мониторинговых исследований в повышении качества знаний школьников, а также пути их влияния на совершенствование учебного процесса и повышение уровня знаний учащихся. Цель исследования заключается в определении возможности повышения качества

образования на новый уровень посредством эффективного использования результатов мониторинга. Для выявления и устранения пробелов в знаниях школьников применялась диагностическая методика Г.А.Русских. Практический эксперимент показал, что мониторинговые исследования играют важную роль в совершенствовании учебного процесса и что внедрение данной методики способствует повышению качества образования. В эксперименте приняли участие 72 учащихся 4, 7, 8 и 10 классов Жангалинской школы-гимназии. Была обеспечена эффективная система контроля качества образования и проведено аналитическое обоснование полученных результатов. Пошаговое внедрение диагностической методики в школе подтвердило её эффективность для выявления и анализа пробелов в знаниях обучающихся, определения уровня достижения целей учебной программы и целенаправленной коррекции выявленных недостатков. Результаты исследования направлены на повышение качества образования, развитие учебной грамотности учащихся и совершенствование профессионального мастерства учителей. На основе диагностических заданий был определён уровень усвоения системы знаний обучающимися и предложены направления корректирующей работы. Ценность исследования заключается в том, что применение методики Г.А.Русских на практике доказало её эффективность не только как инструмента системной оценки учебных достижений обучающихся, но и как действенного средства повышения их учебных результатов за счёт анализа и коррекции пробелов в знаниях каждого ученика. Кроме того, предложены важные практические рекомендации по системному использованию данной методики в школьной практике.

Ключевые слова. Мониторинг, диагностика, учебная грамотность, качество образования, методика Г.А.Русских, выявление и анализ пробелов, обратная связь.

Zhardemova Asylzada Gubaidollievna^{*1}

Primary school teacher, Deputy Director for Academic Affairs,
Zhangala Gymnasium School, Zhangala, West Kazakhstan region,
Kazakhstan, info@ffirpc.kz

METHODS FOR IDENTIFYING AND CORRECTING GAPS IN THE KNOWLEDGE OF SCHOOLCHILDREN

Abstract. The article examines the role of monitoring studies in improving the quality of school students' education, as well as their impact on enhancing the learning process and raising students' academic performance. The purpose of the study was to determine the potential of improving education quality to a new level through the effective use of monitoring results. To identify and eliminate gaps in students' knowledge, G.A. Russkikh's diagnostic methodology was applied. A practical experiment demonstrated that monitoring studies play an important role in enhancing the educational process, and that the implementation of this methodology contributes to raising the quality of education. The experiment involved 72 students from grades 4, 7, 8, and 10 of Zhanakala school-gymnasium. An effective system of education quality control was ensured, and analytical justification of the results was carried out. The step-by-step implementation of the diagnostic methodology in school confirmed its effectiveness for identifying and analyzing students' knowledge gaps, determining the level of achievement of curriculum objectives, and purposefully correcting deficiencies. The findings are aimed at improving education quality, developing students' academic literacy, and enhancing teachers' professional skills. Based on diagnostic tasks, the level of students' mastery of the knowledge

system was determined, and directions for corrective work were suggested. The value of the study lies in the fact that the practical application of G.A. Russkikh's methodology has proven its effectiveness not only as a tool for systematically assessing students' learning outcomes, but also as an efficient means of improving performance through the analysis and correction of each student's knowledge gaps. Furthermore, important practical recommendations for the systematic application of the methodology in school practice are provided.

Key words. Monitoring, diagnostics, academic literacy, quality of education, G.A.Russkikh's methodology, identification and analysis of gaps, feedback.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты мақсаттардың бірі – оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту және олардың білім сапасын арттыру. Осы бағыттағы мониторингтік зерттеулер оқу процесінің тиімділігін бақылауға, оқушылардың даму деңгейін анықтауға және мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетін жетілдіруге жағдай жасайды. ЮНЕСКО Статистика институты жаһандық оқу мониторингі альянсының (GAML) қолдауымен сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар жасап келеді. Атап айтқанда, олар елдер арасындағы деректердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін жаңа әдістемелерді әзірлеу, қолданыстағы ауқымды бағалау жүйелерін үйлестіру және жаңғырту жұмыстарын жүргізуде. Сонымен бірге, сауаттылық бойынша жаңартылған деректер Тұрақты даму мақсаттарының орындалу барысын бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде жарияланып, мемлекеттердің жетістіктерін бақылауға және бар олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді [1].

Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (бұдан әрі – білім беру стандарты) әр сабақта оқу мақсаттарын жүзеге асыруды талап етеді [2]. Зерттеушілер оқу сауаттылығының маңызы мен тиімділігін анықтауда елімізде біраз тәжірибе жинақталғанын, сыртқы және ішкі бағалаудың айырмашалықтарын атап өтіп, ішкі бағалау оқу пәні бойынша меңгерген білім деңгейін білім беру стандарты өлшеміне сәйкес жүзеге асырылаты туралы атап өтеді [3]. Осыған орай, білім беру ұйымының мақсаты негізінен білім алушылардың білім сапасының деңгейін арттыру болса да, оқушылардың даму қарқыны бірдей емес, осыған байланысты білімдегі олқылықтар жиі кездеседі. Мұғалімдер әр баланың мектептегі алғашқы қадамдарынан бастап, оның даму жолында көптеген оқу әрекеттерін іске асырады, соның ішінде біліміндегі кемшіліктермен жұмыс жасайды. Білім беру стандартына сай білім сапасының деңгейі белгілеген талаптар бойынша өлшенеді, әр сабақта оқу мақсаттарымен жұмыс жасалады. Оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында бір сыныпта даму деңгейін әртүрлі балалар болатыны, соның ішінде, ерекше білім алуға қажеттілігі бар, денсаулығыны, басқа да әлеуметтік, т.б. себептермен сабақ қалдыратын оқушылардың болатыны ескеріледі. Осындай мәселелерді ескеріп және шешу жолдарын айқындау үшін мектепшілік бақылау диагностикасын жүйелі жүргізу арқылы мониторинг шаралары ұйымдастырылады.

Оқу сауаттылығы – бұл мәтінді түсіну, ондағы негізгі ойды анықтау, ақпаратты талдау, сараптау және оны түрлі жағдаяттарда тиімді пайдалану қабілеттерін қамтитын кешенді құзыреттілік [4]. Оны қалыптастыру мақсатында алынған Г.А.Русских әдістемесі оқушылардың оқу іс-әрекетін жан-жақты жетілдіруге, мәтінмен жұмыс жасау біліктілігін қалыптастыруға бағытталған тиімді құрал ретінде қарастырылады [5]. Бұл әдістеме арқылы мектепте оқушылардың мәтінді түсіну деңгейі диагностикаланады;

ақпаратты талдау және қорытынды жасау дағдылары дамытылады; оқу стратегиялары қалыптастырылады; білімдегі олқылықтар анықталып, мақсатты түзету жұмыстары жүргізіледі.

Мектепшілік бақылау жүйесінің бастауында тұрған зерттеушілер диагностикалық мониторинг басқарудың негізгі функциясы және білім беру сапасын арттырудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Жүйелі бақылау арқылы оқу-тәрбие үдерісінің кемшіліктері дер кезінде анықталып, педагогикалық шешімдер қабылданады, орың негізінде мұғалімнің кәсіби дамуына жағдай жасалатынын атап көрсеткен [6,7]. Мониторинг оқу үрдісін ұйымдастыруды, оқушылардың білім деңгейін нақтылауды және мұғалімдердің жұмысын бағалауды қамтиды. Қазіргі зерттеушілер де білім беру ұйымының қызметін жетілдіру мақсатында оқу-тәрбие процесін мониторингтік зерделеу және талдаудың мектептегі білім беру сапасын жақсартуға ықпалына назар аударады. Педагогикалық мониторинг – мұғалім мен оқушының іс-әрекетін зерттеп, оқыту мен тәрбиелеу сапасын бағалауға бағытталған жүйелі бақылау. Бұл оқушылардың білім деңгейін анықтап, оқу процесіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді талдауға мүмкіндік береді [8, 9, 10].

Г.А.Русских әдістемесі білім жүйесінің меңгерілу деңгейін анықтауға және жүйелі мониторинг нәтижелері білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Осы әдістемені негізге ала отырып жүргізілетін зерттеу жұмысы екі негізгі блоктан тұрады: **эмпирикалық білім** (терминдер, цифрлар, фактілер, өкілділіктер); **теориялық білім** (ұғымдар, себеп-салдар байланыстары, заңдылықтар, заңдар мен теориялар). Әдістеменің ерекшелігі – білімді тексеру барысында оқушылардың танымдық әрекеттерін айқындап, білімдегі олқылықтарды түзетуге мүмкіндік беруінде. Диагностика нәтижелері мұғалімге әр оқушының даму динамикасын бақылауға, оқу процесін реттеуге және сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні қарастырылады [11].

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мақсаты ретінде мектепшілік мониторинг нәтижелерін тиімді пайдалану арқылы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеру мүмкіндігі алынған. Зерттеу міндеттері Г.А.Русскихтың әдістемесін жүйелі қолдану оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда, білім сапасын бағалауда және оқу процесін тиімді ұйымдастыруда қаншалықты маңызды рөл атқаратынын теориялық негіздеу және тәжірибелік эксперимент арқылы тиімділігін анықтау мәселелерін қамтиды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы Жаңақала мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылынан бастап «Мектептің басқару қызметіндегі мониторинг жүйесі оның нәтижелілігіне ықпал ету факторы ретінде» эксперименттік алаң жұмыс жасап келеді. Экспериментке 4А сыныбы (17 оқушы), 7А сыныбы (21 оқушы), 8Ә сыныбы (19 оқушы), 10Б сыныбы (15 оқушы) - барлығы 72 оқушы қатысуда. Эксперимент мектептегі білім беру сапасын тиімді бақылауды қамтамасыз ету, қызмет нәтижелерін аналитикалық негіздеу, мониторинг нәтижелері негізінде мұғалім мен оқушылардың қызметін түзету мақсатында жүргізіледі.

Эксперимент бойынша өтетін шаралар мектепшілік бақылау жоспарына енгізілді, атап айтқанда, 1) оқу процесінің сапасын бақылау бөліміне Г.Русских бойынша білім жүйесін меңгеру деңгейін анықтау диагностикасы, 2) мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау бөліміне мұғалімдердің рейтингісін жасау, мұғалімдердің кәсіби қызметін бағалау әдістемесі. Эксперимент әдістемелерді жүргізудің қадамдарды қамтыды, олар: жоспарлау, бұйрық шығару, таныстыру, Г.А.Русских әдістерін өткізу кестесін жасау, әдістемелерді өткізу,

мәліметтерді жинақтау, әдістемелек кеңестерде қарау, шешім шығару, кеңес шешімдерінің орындалуын бақылаудан тұрады (Сурет 1)



Сурет 1 – Эксперимент барысындағы әдістемелік қадамдар

Г.Русских әдістемесі оқу жылы бойынша 3 кезеңде- желтоқсан, ақпан, мамыр айларында өткізілді.

Білімді меңгеру дейін анықтау диагностикасының (Г.А. Русских әдістемесі бойынша)

мақсаты: тақырып бойынша білім жүйесінің игерілу деңгейін анықтау, оқушылардың танымдық әрекетін жеке түзету бағдарламасын құру. Білім жүйесінің негізгі қызметтері – дүниенің жалпы бейнесін жасауға қызмет ету, танымдық, практикалық және әлеуметтік әрекеттердің құралы болу. Жүйе құрамдас бөліктердің өзара байланысы және құрамдас бөліктен құрамдас бөлікке күрделену сияқты маңызды белгілермен анықталды. Білім жүйесіндегі зерттеулер эмпирикалық (терминдер, цифрлар, фактілер, өкілділіктер) және теориялық (ұғымдар, себеп-салдар байланыстары, заңдылықтар, заңдар мен теориялар) деңгейдерді қамтыды.

Күрделіліктің векторы терминнен заңдар мен теорияларға бағытталғанына орай, мұғалім тапсырманы білім жүйесінің деңгейін анықтау кестесіне сәйкес сабақта өткен тақырып бойынша тапсырмаларды құрады және өткізеді (Кесте 1). Бақылау кезеңінде білім алушыларға белгілі бір тақырып бойынша білім жүйесін құру логикасын көрсететін сұрақтар жүйесін ұсынады деп болжанды.

1 кесте – Білім жүйесінің деңгейін анықтау кестесі

Білім жүйесінің құрамдас бөліктері	сұрақтар мен тапсырмалардың мысалдары
<i>Эмпирикалық білім:</i>	Атау, аудару, дұрыс жауапты таңдау, артығын алып тастау
1. Терминологияны білу	
2. Сандық материалды ассимиляциялау	Нешеу, қашан, цифрларды тізімдеу, растау ...
3. Факті материалды игеру	Қандай фактілер растайды ..., қай жерде орналасқан ..., бұл қалай болды, негізгі ерекшеліктері қандай ...
4. Өкілдіктерді меңгеру	... туралы айту, сыртқы белгілерін сипаттау..., сипаттама беріңіз
<i>Теориялық білім:</i>	Ұғымға анықтама беріңіз. Қандай ерекшеліктері бар? Бұл не ...?
5. Ұғымдарды ассимиляциялау (білу)	
6. Тікелей себеп-салдарлық байланыстарды ассимиляциялау	Не болады, егер ...? Оның салдары қандай...?
7. Кері себептілікті ассимиляциялау	Неге? Себептері қандай. . . ?
8. Үлгілерді ассимиляциялау	Қандай балынастар бар . . . ? Неге тәуелді . . . ? Қалай тәуелді. . . ?

9. Заңды ассимиляциялау	Заңды оқып... Дәлелде ... (Заңның әрекетін мысалмен растаңыз ...)
10. Теорияны сіңіру	Теория туралы айту. Түсіндіру ... теория тұрғысынан

Тапсырмалардың күрделілігіне қарай уақыт белгілейді: 20-30 минут. Тест жұмысының нәтижесін тексеру кезінде мұғалім талдау кестесін толтырады (Кесте 2.).

2 кесте – Мұғалімнің талдау кестесі

Оқушының аты-жөні	Білім жүйесінің құрамдас бөліктерін меңгеруі										Балл саны	%	Қорытынды	
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10				

Жоғарғы деңгей:

Оңтайлы деңгей:

Қолайлы деңгей:

Сыни деңгей:

Пән мұғалімі:

Бағалау. Егер оқушы сұраққа дұрыс жауап берсе, мұғалім 1 ұпай береді, қателесе – 0 балл. Балл диынтығы бойынша білім алушының білім жүйесін меңгеру деңгейі анықталады. Балл жиынтығы «бас балдық» жүйеі бойынша бағаланады: 10-8 балл – оңтайлы деңгей, «5» баға; 7-6 балл – рұқсат етілген деңгей, «4» баға; 5-4 балл – сыни деңгей, «3» баға.

Диагностикалық әдістермен жұмыс істеу кезінде мұғалім келесі ережелерді сақтайды:

- диагностикалық процедураның мазмұны күтілетін нәтижені ұсыну;
- диагностика жеткілікті ақпараттандыруға және зерттеу қызметінің кең өрісін құру;
- диагностикалық зерттеу нәтижелерін құзыретті адамдар мен талдау;
- зерттеудің кез келген нәтижесі білім алушыларға кері әсер емес, тиімді болуы;
- диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша жүйелі түзету жұмыстарын жүргізу;
- педагогикалық диагностиканың қажеттілігін оқушыларға және олардың ата-аналарына түсіндіру;

Диагностика нәтижелерін пән мұғалімі төмендегі кестеде көрсетеді (Кесте 3).

Кесте 3.

Әр пәннен диагностика нәтижелерін толтыру кестесі (сынып бойынша)

Оқушының аты-жөні	Білім жүйесінің құрамдас бөліктерін меңгеруі										Балл саны	%	Қорытынды	
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10				

Хххххххх	+	-	-	-	+	+	+	-	-	-	4	40	сыни деңгей
Хххххххх	+	+	+	+	+	+	+	+	+	-	9	90	оңтайлы деңгей
Хххххххххх	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	10	100	оңтайлы деңгей
Ххххххххх	+	+	+	+	-	-	-	+	-	+	6	60	рұқсат етілген д.
Хххххххх	+	+	-	+	+	+	+	+	+	-	8	80	оңтайлы деңгей
Хххххххх	+	+	+	-	+	+	-	-	-	-	5	50	сыни деңгей
<i>Қорытынды</i>	<i>6</i>	<i>5</i>	<i>4</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>5</i>	<i>4</i>	<i>4</i>	<i>3</i>	<i>2</i>	<i>42</i>	<i>70</i>	<i>рұқсат етілген д.</i>

Эксперименттің бірінші кезеңде әр пән мұғалімі өзі сабақ беретін сыныптарында желтоқсан айының нәтижелерімен жұмыстанады. Ақпан, мамыр айындағы Г.Русских әдістемесінің диагностикалары оқушылардың тоқсан сайын білім деңгейіне талдау жүргізуді және оққылықтармен жүргізілетін жұмысты нақты әрі мақсатты болуын қамтамасыз етеді. Зерттеу барысында тиімді кері байланысты ұйымдастыру сапалы оқытудың негізі болатыны ескерілді. Ол арқылы оқу үдерісінің барысы туралы түсінік қалыптастырылып, оқу міндеттері мен мақсатына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік берілді, мұғалімді оқушының жетістіктері мен қиындықтары туралы үнемі хабардар етеді. Кері байланыс мұғалімге – оқу процесінің табыстылығын бағалау, оқыту бағдарламасын түзету, мүмкін оқыту әдістерін өзгертуге мүмкіндік берсе, оқушыға өзінің оқу әрекетінің нәтижесін білу, әлсіз және күшті жақтарын анықтау арқылы оқуға деген көзқарасты өзгертуге ықпал етті.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бірінші кезең нәтижесінде сынып бойынша «рұқсат етілген деңгей» анықталды. Бірінші және соңғы оқушы «сыни деңгей» білім деңгейін көрсетті, яғни бұл екі оқушымен осы тақырып аясында жеке жұмыс керек: 1-ші оқушымен 2,3,4,8,9,10 сұрақтарда көзделген дағдылар бойынша, соңғы оқушымен 4,7,8,9,10 сұрақтарда көзделген дағдылар бойынша. Жалпы сынып бойынша оқушылар теорияны сіңіру, заңды ассимиляциялау, факті материалды игеру, өкілдіктерді меңгеру, кері себептілікті ассимиляциялау, үлгілерді ассимиляциялау бойынша әлі де пысықтауды қажет ететінін көрсетті. Нәтижелер бойынша пән мұғалімі сыныптағы пәннің ұзақ мерзімді жоспарын талдап, оқу мақсаттарында көрініс табатын оқу мазмұнына ерекше мән беріп, алдағы сабақтарда осы біліктерді дамытуға бағытталған тапсырмаларды жоспарлады және оқушыларды машықтандырды.

Төмен нәтиже көрсеткен оқушы мен жоғары нәтиже көрсеткен оқушымен жұптық жұмыс жүргізеді, сонда ғана жаттығулар біртіндеп жүзеге аса бастайды. Пән мұғалімінің әр сабақ сайын жасаған кері байланысы да осы дағдылардың мақсатты түрде дамуына өз септігін тигізді.

Келесі кезеңде Г.Русских әдістемесі бойынша «Оқушылардың оқу мақаласының мәтінімен өзіндік жұмыс істеуге дайындық деңгейін анықтау әдістемесі» жүргізілді. *Мақсаты* – негізгі ақпарат көзімен (оқу мақаласының мәтінімен) өз бетінше жұмыс істеу дағдысының деңгейін анықтау, әр оқушының танымдық әрекетін түзету бағдарламасын құрастыру. Жаңа материалды оқып-үйрену кезінде мұғалім оқушыларға келесі мазмұндағы өзіндік жұмыс үшін тапсырма береді деп болжанады:

- 1) оқулықтың ... бетіндегі мәтінді оқу (8-10-х-3б.);
- 2) оқу мақаласының мазмұнының қысқаша мазмұнын әзірлеу;
- 3) оқу мақаласының мазмұнына сәйкес күрделілік деңгейі әртүрлі 3 сұрақ құрастыру;
- 4) сұрақтарыңызға қысқаша жауап беріңіз;
- 5) карточкаға сұрақтар жазу;
- 6) жұптасыңмен карталарды айырбастау;

7) жұптасынның сұрақтарына жауап беру (жазбаша);

8) жұптасынның жұмысын бағалау.

Оқушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін талдау барысында мұғалім келесі дағдыларды меңгеру деңгейін анықтайды.

I бөлім

1) оқу материалының негізгі мазмұнын таңдауы;

2) түйіндеме түрінде оқу ақпаратын кодтау;

3) сұрақтар құрастыру үшін материалды таңдау;

4) репродуктивті сұрақтарды құрастыру;

5) репродуктивті сұрақтарға жауап беріңіз (өзінің және жұбының).

II бөлім

1) проблемалық сұрақтар құрастыру;

2) проблемалық сұрақтарға жауап беруі (өзінің, жұптасының);

3) жұптасының жұмысын бағалауы;

4) жұптасының жұмысын түзетуі;

5) өзіндік жұмыс процесінде уақытты ұтымды бөлуі.


Оқушылардың өздік жұмысының нәтижесін тексеру кезінде мұғалім талдау кестесін толтырып, әр оқушының оқу үлгерім деңгейін анықтайды, әр оқушының танымдық дербестік деңгейін ашып көрсетеді. Егер оқушы шеберлікке ие болса, онда ол 3 ұпай алады; қиындықтар туындаған жағдайда – 2 балл; қателессе, бірақ іс-әрекетті орындауды білсе – 1 ұпай; дағды қалыптаспаса – 0 ұпай. Баллдардың қосындысы бойынша өзіндік жұмысқа дайындық деңгейі анықталады: 30 балл – жоғары деңгей, «5»; 27-29 балл – оңтайлы деңгей, «5»; 25-26 балл – қолайлы деңгей, «4»; 20-24 ұпай – сыни деңгей, «3». Ұпайлар қосындысы оқушының үлгерімін бес балдық бағалаумен сәйкес келеді. Егер оқушыларға диагностиканың бірінші бөлімінің дағдылары болса, онда ол репродуктивті дағдыларға ие болады, сондықтан репродуктивті сипаттағы өзіндік жұмыс тапсырмаларын мұғалімнің көмегінсіз орындай алады.

Диагностика бойынша сыныптардың пәндер бойынша орташа нәтижесі «рұқсат етілген деңгей» көрсетті. Жеке оқушылардың «сыни деңгейде» қалғаны анықталды, бұл жағдайда мұғалім тарапынан жеке түзету жұмыстары қажет болды. Жалпы сынып деңгейінде оқушылар теорияны игеру, заңдылықтарды түсіну, фактілерді меңгеру, себеп-салдар байланыстарын анықтау сияқты біліктерді қосымша пысықтауды қажет ететіні айқындалды.

Г.А. Русских диагностикасы бойынша салыстырмалы нәтижелер төмендегі суреттерде көрсетілді (Сурет 2,3).



Сурет 2 – Эксперименттегі сыныптар бойынша пәндер нәтижесі – әр пән бойынша оқушылардың білім сапасы көрсетілді. Диаграммада қазақ әдебиеті, физика сияқты пәндер жоғары нәтиже берсе, математика, география пәндерінде төмен көрсеткіштер байқалды.




Сурет 3 – Жалпы деңгейлердің үлестірімі – барлық оқушылардың нәтижесі деңгейлер бойынша бөлініп, сынып пен мектеп деңгейіндегі үлестірім диаграмма түрінде ұсынылды.

Түзету жұмыстары кезеңі. Диагностика нәтижелері бойынша түзету жұмыстары «Даму нүктелері» жобасы ретінде ұсынылады. Нүктелермен жұмыс, яғни әр сабақтағы оқу материалының оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізіледі деп түсіну керек. Егер мұғалім оқушының орындаған жұмысын мемлекеттік стандарт талаптарымен, дәлірек айтқанда оқу бағдарламасында ұсынылған оқу мақсаттарының орындалуына талдау жасаса, әрі қарай сол мақсаттардың орындалуына қадамдық шаралар жүргізеді. Бұл жұмыс барысында мұғалім оқу материалының мазмұны бойынша оқушылардың репродуктивті және шығармашылық деңгейдегі сұрақтармен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі, сондықтан оқушыларды сұрақтар құрастыруға дайындаудың маңызы зор. әр түрлі деңгейдегі күрделілік және осы сұрақтарға жауаптарды модельдеу. Дәл сұрақ құрастыру және оған жауап табу барысында оқушының ақыл-ой қабілеті барынша тиімді түрде жаттығады. Мектеп оқушыларын сұрақтар мен тапсырмаларды


құрастыруға дайындауға арналған тренинг екі бөлімнен тұрады және ойындар мен жаттығулар жүйесі болып табылады. Маңызды шарт - жаттығулардың реттілігін бұзбау. Егер балалардың дайындық деңгейі бір сабақта барлық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік бермесе, онда жұмыс көлемін бірнеше сабаққа бөлуге болады.

Диагностика қорытындылары мектептің педагогикалық кеңесінде, директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік пән бірлестіктерінің отырыстарында қаралып, әдістемелік ұсынбалар жасақталды және оның негізінде түзету жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде негізгі ақпарат көзімен (оқу мақаласының мәтінімен) өз бетінше жұмыс істеу дағдысының деңгейі анықталып, әр оқушының танымдық әрекетін түзету бағдарламалары құрастырылды. Бұл жұмыстардың тиімділігі эксперимент сыныптарының қорытындылары бойынша соңғы 2 жыл бойынша білім сапасының едәуір өсуіне алып келді. (Сурет 4.)



Сурет 4 – Экспериментке қатысқан сыныптар бойынша білім сапасының салыстырмалы көрсеткіштері

Эксперименттік сыныптарда Г.Русских диагностикасын мақсатты қолдану жалпы мектептің білім сапасының деңгейінің артуына ықпал етті (Сурет 5.).



Сурет 5 – Мектеп бойынша білім сапасының арту көрсеткіштері

Осылайша, зерттеу барысындағы диагностикалық жұмыс білім беру стандарттарында белгіленген оқу мақсаттарының орындалуын қадағалау, оқу

жетістіктерін нақты өлшеу арқылы білім сапасының көтерілуіне ықпал етті. Сонымен қатар, әдістеме нәтижелері мектепшілік бақылауда, педагогикалық кеңестерде және әдістемелік бірлестіктерде талқыланып, оқу сапасын арттыруға бағытталған төмендегі шешімдерді қабылдап, орындауға негіз болды.

Біріншіден, эксперимент жұмыстары мен мектепшілік бақылау жоспары арасында сабақтастық сақталып, төмендегі талаптар қатаң орындалды: білім сапасы төмен сыныптар алыну; білім сапасы төмен пәндерді қамтуды жоспарлау; білім алушылардың білім деңгейі бақылауға алып, олардың даму динамикасын үнемі назарға ұстау; әдістемелердің жан-жақты болуына орай алынған мәліметтер әр сыныпқа толыққанды талдау жасауға көмектесті.

Екіншіден, әдістемелердің қорытындылары бойынша нақты ұсыныстар беріліп, түзету шаралары сапалы әрі жеке ұйымдастырылады. Әр деңгейге талдау жүргізіп, пәннің мазмұны бойынша тақырыпты меңгеруде орын алатын қиындықтар мен оқушы біліміндегі олқылықтармен нақты түзету жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды. Мониторингтік зерттеулер мектеп оқушыларының білім сапасын арттыруда маңызды құрал болып табылады. Ол оқу процесін жетілдіруге, оқушылардың білім деңгейін көтеруге және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамытуға ықпал етеді. Мониторинг нәтижелерін тиімді пайдалану арқылы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге болады.

Мектеп бойынша оқу нәтижелері төмен сыныптар мен пәндерді мектепшілік бақылауға алып, оларда мониторинг әдістемелерін, соның ішінде Г.Русских диагностикасын мақсатты қолданса, әр баламен жеке жұмыс жүргізіледі, ал ол өз кезегімен сыныптың, мектептің білім сапасының деңгейінің артуына әсері мол болды. Тәжірибеде Г.А.Русских әдістемесін жүйелі пайдалану оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жүйелі түрде анықтап, оларды жоюдың тиімділігін көрсетті. Әдістеме нәтижелерін қолдану барысында оқушылардың біліміндегі әлсіз тұстар анықталды; жеке оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді; топтық жұмыстар арқылы қиындықтары ұқсас оқушыларға қосымша қолдау көрсетілді; пән мұғалімдері оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмаларды қайта құрып, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланды.

Әдістеме нәтижелері бойынша төмендегі ұсынбалар берілді [12]:

1. Г.А.Русскихтің диагностикалық әдістемесі – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың ғана емес, олардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде анықтап, мақсатты түрде түзетудің тиімді құралы. Бұл әдістемені мектеп тәжірибесінде жүйелі қолдану білім сапасын арттыруға, оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға және мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді.

2. Мониторинг қорытындылары бойынша жоғары нәтиже қазақ әдебиеті, химия, Қазақстан тарихы, физика пәндерінен болса, төмен нәтиже математика, география, қазақ тілі пәндерінен болды.

3. Білім алушыларға пән бойынша алған нақты білімді, фактілерге, формулаларға, заңдылықтарға байланысты тұжырым жасауды үйрету қажеттігі анықталды.

4. Функционалдық сауаттылық тапсырмаларын көбірек қолдану, жоғары нәтиже көрсеткен сыныптардың пән өз тәжірибелерімен ашық бөлісуге жағдай жасау ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері болашақта аталған әдістемені мектептің тәрби жұмысына лайықтап жүргізіп, тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Білім беру саласындағы мониторинг пен бағалау туралы [Электронный ресурс]. – URL: <https://uis.unesco.org/>; <https://uis.unesco.org/en/topic/literacy> (дата обращения: 30.09.2025).

2 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (дата обращения: 30.09.2025).

3 Елеусизовна Қ.К., Рустемова Ж.Ж. Оқу сауаттылығын қалыптастыру – функционалды сауаттылықтың негізі [Текст] // Педагогикалық ғылымдар. – 2024. – Т. 30. – С. 66–73.

4 Исмаилова Г., Григорьева Г., Турикпенова А., Хасенова К., Тешабоева З. Читательская грамотность – компонент функциональной грамотности [Текст] // Вестник НАН РК. – 2024. – Т. 409. – № 3. – С. 110–123.

5 Русских Г.А. Оценка достижения планируемых результатов: теория и методика [Текст] // Оценка достижения планируемых результатов освоения основной образовательной программы в системе естественнонаучного образования. – 2016. – С. 10–14.

6 Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление [Текст]. – 2018. – 222 с.

7 Третьяков П.И. Управление школой по результатам: практика педагогического менеджмента [Текст]. – 2010. – 288 с.

8 Мадениетова З., Утешкалиева А. Внутришкольный контроль как часть системы управления образовательным учреждением [Текст] // Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. – 2024. – Т. 72. – № 1. – С. 55–65.

9 Рубашкин Д.Д. Мониторинг текущих образовательных результатов: от контроля качества к мерам по его обеспечению [Текст] // Качество образования в Евразии. – 2020. – № 7. – С. 49–59.

10 Есенов А.Ш. Мониторинг негіздері [Текст]: оқу құралы. – 2021.

11 Русских Г.А., Пантюхина И.В. Развитие учебно-исследовательской деятельности школьников и студентов в процессе выполнения коллективного проекта [Текст] // Исследователь / Researcher. – 2020. – № 1 (29). – С. 227–236.

12 Мектептің басқару қызметіндегі мониторинг жүйесі оның тиімділігіне әсер ету факторы ретінде [Текст]: облыстық эксперименттік жобасының паспорты.

REFERENCES

1 Bilim беру salasyndaǵy monitoring pen baǵalau turaly [On monitoring and evaluation in education]. URL: <https://uis.unesco.org/>; <https://uis.unesco.org/en/topic/literacy> (accessed: 30.09.2025). – (In Kaz).

2 Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniń 2022 jyly 3 tamyzdaǵy № 348 buıryǵy. Mektepke deıingi tárbie men oqytúdyń, bastaıysh, negizgi orta, jalpy orta, tekhnikalıq jáne kásiptik, orta bilimnen keıingi bilim berýdiń memlekettik jalpyǵa mindetti standarttaryn bekiú turaly [On the approval of state compulsory standards of preschool, primary, basic secondary, general secondary, technical and vocational, post-secondary education]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (accessed: 30.09.2025). – (In Kaz).

3 Eleusizovna, Q.K., Rustemova, Zh.Zh. Oqu saýattylygyn qalyptastyry – funksionaldy saýattylyqtyń negizi [Formation of reading literacy as the basis of functional literacy]. Pedagogikalyq gylymdar, (2024): T. 30., 66–73. – (In Kaz).

4 Ismailova, G., Grigorieva, G., Turikpenova, A., Khasenova, K., Teshaboeva, Z. Chitatel'skaia gramotnost' – komponent funksional'noi gramotnosti [Reading literacy as a component of functional literacy]. Vestnik NAN RK, (2024): T. 409, № 3., 110–123. – (In Rus).

5 Russkikh, G.A. Otsenka dostizheniia planiruemykh rezul'tatov: teoriia i metodika [Assessment of achieving planned results: theory and methodology]. In: Otsenka dostizheniia planiruemykh rezul'tatov osvoeniia osnovnoi obrazovatel'noi programmy v sisteme estestvennonauchnogo obrazovaniia, (2016): 10–14. – (In Rus).

6 Konarzhevskii, Iu.A. Menedzhment i vnutrishkol'noe upravlenie [Management and in-school administration]. (2018): 222. – (In Rus).

7 Tret'iakov, P.I. Upravlenie shkoloj po rezul'tatam: praktika pedagogicheskogo menedzhmenta [Managing a school by results: practice of pedagogical management]. (2010): 288. – (In Rus).

8 Madenietova, Z., Uteshkalieva, A. Vnutrishkol'nyi kontrol' kak chast' sistemy upravleniia obrazovatel'nym uchrezhdeniem [In-school control as part of the educational institution management system]. Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni Khalela Dosmukhamedova, (2024): T. 72, № 1., 55–65. – (In Rus).

9 Rubashkin, D.D. Monitoring tekushchikh obrazovatel'nykh rezul'tatov: ot kontrolya kachestva k meram po ego obespecheniiu [Monitoring current educational results: from quality control to measures for its assurance]. Kachestvo obrazovaniia v Evrazii, (2020): № 7., 49–59. – (In Rus).

10 Esenov, A.Sh. Monitoring negizderi [Basics of monitoring]: oqu quraly. (2021). – (In Kaz).

11 Russkikh, G.A., Pantiukhina, I.V. Razvitie uchebno-issledovatel'skoi deiatel'nosti shkol'nikov i studentov v protsesse vypolneniia kollektivnogo proekta [Development of educational and research activities of schoolchildren and students in the course of a collective project]. Issledovatel' / Researcher, (2020): № 1 (29), 227–236. – (In Rus).

12 Mekteptiń basqarý qyzmetindegi monitoring júresi onyń tiimdiligine ásep etý faktory retinde [The monitoring system in school management as a factor influencing its effectiveness]: oblystyq eksperimenttik jobasynyń pasporty. – (In Kaz).